

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 70 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 26 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4212. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Нормативтік құқықтық актіні "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызмет етуін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2345 тіркелген), Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2860 тіркелген), 2004 жылғы 25 қазандағы N 306 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3229 тіркелген), 2005 жылғы 28 мамырдағы N 166 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3721 тіркелген), 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3986 тіркелген) қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - қ о с ы м ш а д а :

Міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта:

2 - т а р м а қ т а :

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Салымшыға/Алушыға Салымшының/Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, соның ішінде Қордың өткен жылғы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ауысуы және кастодиан банк туралы ақпаратты ұсынуға;"

4-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

6-тармақтағы "міндетті зейнетақы жарналары жөніндегі агенттің" деген сөздер "міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттің (бұдан әрі - агент)" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтағы "белгіленген мерзімде" деген сөздер "белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қордан кесте бойынша зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

18 және 20-тармақтар алынып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Шарт заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, сондай-ақ осы Шарт бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты болмаған және зейнетақы жарналары түспеген жағдайда Салымшының/Алушының бастамасы бойынша немесе Салымшының/Алушының корпоративтік Қордың акционері - ұйыммен жасаған еңбек келісімі бұзылған жағдайда корпоративтік Қордың бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.";

26-тармақтың екінші сөйлеміндегі ", көшірмесі зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агентте" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта (жеке тұлға болып табылатын Салымшы үшін):

2-тармақтың 10-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Салымшыға/Алушыға Салымшының/Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, соның ішінде Қордың өткен жылғы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық

басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ауысуы және кастодиан банк туралы ақпаратты ұсынуға;"

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакция жазылсын:

"2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы Қорға хабарлауға міндетті.";

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ерікті зейнетақы жарналарын Салымшы/Алушы айқындайтын мөлшерде _____ енгізуге;"

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, бір жолғы және басқасы)

2) тармақша алынып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Шарт заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, сондай-ақ осы Шарт бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты болмаған және зейнетақы жарналары түспеген жағдайда Салымшының/Алушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.";

Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен үшінші тұлғаның пайдасына зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта:

2 - т а р м а қ т а :

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Алушыға Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, соның ішінде Қордың өткен жылғы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ауысуы және кастодиан банк туралы ақпаратты ұсынуға;"

11) тармақшада "Алушыны" деген сөздің алдынан "Салымшыны және" деген сөздермен толықтырылсын;

15-1) тармақшадағы "Салымшының/Алушының" деген сөздер "Салымшының немесе Алушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы Қорға хабарлауға міндетті.";

6-1-тармақтың 2) тармақшасы "Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісім негізінде Алушыны" деген сөздермен толықтырылсын;

10-1-тармақтағы "Салымшының/Алушының" деген сөздер "Алушының" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Шарт заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, сондай-ақ осы Шарт бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты болмаған және зейнетақы жарналары түспеген жағдайда Салымшының немесе Алушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.";

20-тармақта "Салымшыға/", "Салымшының/" деген сөздер алынып тасталсын;

3 - қ о с ы м ш а д а :

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта:

2 - т а р м а қ т а :

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Алушыға Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, соның ішінде Қордың өткен жылғы номиналды кірістілігі көрсеткішінің мәні туралы, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ауысуы және кастодиан банк туралы ақпаратты ұсынуға;"

15-1) тармақшадағы "Салымшының/Алушының" деген сөздер "Салымшының немесе Алушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Салымшы мен Алушы Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Шарт тараптарына растайтын құжаттарды ұсына отырып хабарлауға міндетті.";

10-1-тармақтағы "Салымшының/Алушының" деген сөздер "Алушының" деген сөзбен ауыстырылсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Шартқа енгізілген, Алушының құқықтарын қозғайтын өзгерістер мен толықтырулар тек оның жазбаша келісімі болғанда ғана заңды болады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Шарт заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, сондай-ақ осы Шарт бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты болмаған және зейнетақы жарналары түспеген жағдайда Салымшының немесе Алушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.".

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың сегізінші және он алтыншы абзацтарын қоспағанда.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасы төрағасының 2006 жылғы

17 маусымдағы N 141 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы (Үсенбекова Л.Е.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға